6. Егер аукциондағы есеп айырысу бағасы аукцион алдындағы белгілі бір кезең ішінде квоталар бағасының қысқа мерзімді құбылмалылығын ескере отырып, баға ұсыныстарын беру үшін аралық ашылғанға дейін және

одан тікелей асатын қайталама нарықтағы бағадан едәуір төмен болса, аукциондарға арналған платформа аукционның күшін жояды.

7. Аукцион басталғанға дейін аукциондарға арналған платформа аукционның тиісті ұйымдастырушысымен консультациялардан кейін осы тармақтың 6-параграфын қолдануға арналған әдіснаманы айқындауға тиіс.

Бір аукцион платформасында баға ұсыныстарын беру үшін екі аралықтың арасында осы аукцион платформасы әдіснаманы өзгерте алады.

Аукциондарға арналған тиісті платформа, егер бар болса, тиісті аукцион ұйымдастырушысының қорытындысын барынша ескеруі тиіс.

8. Егер квоталар бойынша аукцион жойылса, онда мұндай квоталардың көлемі сол аукцион платформасында жоспарланған келесі төрт аукционға біркелкі бөлінуі керек.

2.7. Қаржы-есеп айырысу орталығы Ұйымдастырушыға құжаттаманы оның құнын көрсете отырып, ресми интернет-ресурста орналастыру үшін аукциондық сауда-саттықты өткізудің жоспарланған күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей жібереді.

Ұйымдастырушы құжаттаманы алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-саттықты өткізу күнін жариялайды.

2.8. Ұйымдастырушы құжаттарды қабылдауды және өтініш берушілерді аукциондық сауда-саттықта тіркеуді уәкілетті орган бекіткен кестеде көрсетілген мерзімдерде жүргізеді.

2.9. Сауда жүйесінің дерекқорына тіркелу үшін өтініш беруші онлайн тіркеуден өту үшін ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсына жүгінеді және Ұйымдастырушыға кестеде көрсетілген құжаттарды электрондық түрде ұсынады.

2.10. Өтініш беруші қаржы-есеп айырысу орталығына осы Регламенттің 5-тарауына сәйкес аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

2.11. Өтініш беруші осы Регламенттің кестесіне сәйкес құжаттарды ұсынған кезде, өтініш беруші мен ұйымдастырушы арасында шарт жасасу және ұйымдастырушының қызметтеріне ақы төлеу кезінде ұйымдастырушы өтініш берушіге аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесін береді.

2.12. Ұйымдастырушы уәкілетті орган бекіткен аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғанда өтініш берушілерден құжаттарды қабылдауды тоқтатады.

2.13. Қатысушы аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұйымдастырушыны сауда жүйесіне қолжетімділігі бар қатысушы қызметкерлерінің деректемелері, тізімі өзгергені туралы хабардар етеді.

2.14. Сауда жүйесіне қол жеткізу құқығын беретін пароль үшінші тұлғаларға берілмейді.

2.15. Ұйымдастырушының қызметтеріне тарифтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және өтініш беруші мен ұйымдастырушы арасында жасалатын шарт (бұдан әрі – Шарт) негізінде төленеді.

2.16. Шартта келесілер бар:

1) Шарттың мәні, ұйымдастырушы көрсететін қызметтердің түрлері, төлеу мерзімдері мен тәртібі;

2) аукциондық сауда-саттыққа қатысу және аукциондық сауда-саттыққа жіберу үшін өтініш берушіге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар;

3) аукциондық сауда-саттықты өткізу әдістері;

4) Шарт талаптарын бұзғаны үшін шартқа қатысушылардың жауапкершілігі.

2.17. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу мақсатында Ұйымдастырушы:

1) аукциондық сауда-саттық өткізу бойынша сауда жүйесінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді;

2) аукциондық сауда-саттықты өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;

3) қатысушыларға аукциондық сауда-саттыққа қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз етеді;

4) сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша қатысушылардың қызметкерлеріне нұсқаулық жүргізеді;

5) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты мәселелер бойынша уәкілетті органмен және есеп айырысу-қаржы орталығымен өзара іс-қимыл жасайды;

6) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін ресми интернет-ресурста жариялайды.

2.18. Қаржы-есеп айырысу орталығы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін қарау, техникалық тапсырмаға сәйкес құжаттаманы әзірлеушіге рұқсат беру және оны айқындау жөнінде Конкурстық комиссия құрады.

____Тарау. Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары

3.2. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушылар құқық қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігі жөніндегі біліктілік талаптарын мынадай құжаттарды ұсыну арқылы растайды:

1) Жарғының көшірмесін ұсыну;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін ұсыну;

3) заңды тұлғаның тиісті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұсыну туралы;

4) өкілге сенімхат беру (егер мүдделерді ұсынуды бірінші басшы жүзеге асырмаған жағдайда);

5) заңды тұлғаның деректемелері (банктік деректемелері, мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы) туралы ақпарат беру;

6) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізу;

7) қатысушыны құжаттамамен аукциондық сауда-саттыққа қатысатын қатысушылар үшін ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттамамен таныстыру туралы растау - хат.

3.3. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив түріндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету есеп айырысу-қаржы орталығының пайдасына шығарылады.

___Тарау. Өтінім берудің мазмұны мен тәртібі

4.1. Аукциондық сауда-саттық жасырын, қашықтықтан интернет желісін пайдалана отырып, ұйымдастырушының сауда жүйесінің интернет-ресурсы арқылы жүргізіледі.

4.2. Аукциондық сауда-саттық бір жақты аукцион нысанында өткізіледі.

4.3. Сауда сессиясы аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде ұйымдастырушы белгілеген мерзімде өткізіледі және 30 (отыз) минутқа созылады.

Бұл ретте сауда сессиясы аяқталғанға дейін бес минут ішінде бағасы қолда бар ең төмен ұсыныстан төмен аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардан өтінім келіп түскен кезде 5 (бес) минутқа ұзартылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген ықтимал ұзартуларды ескере отырып, сауда сессиясын өткізудің жалпы уақыты ашылған сәттен бастап 1 (бір) сағаттан аспайды.

4.4. Сауда сессиясы ашылғанға дейін Ұйымдастырушы:

1) сауда жүйесіне парниктік газдарға квоталардың көлемі туралы ақпаратты, шекті аукциондық бағаны және уәкілетті орган бекіткен Кестеге сәйкес өзге де ақпаратты енгізеді;

2) сауда жүйесіне есеп айырысу-қаржы орталығынан алынған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету шамасы туралы ақпаратты енгізеді.

4.5. Сауда сессиясын өткізу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) Ұйымдастырушының сауда сессиясын ашуы;

2) қатысушылардың сауда жүйесіндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер беруі;

3) сауда сессиясын Ұйымдастырушының жабуы;

4) аукциондық бағаларды айқындауды қоса алғанда, аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларын шығару;

5) Ұйымдастырушының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастыруы және оны өзінің интернет-ресурсында жариялауы.

4.6. Қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінде мынадай негізгі мәліметтер қамтылады:

1) қатысушының атауы;

2) бөлу белгісінен кейінгі цифрлар саны екеуден аспайтын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетілетін ҚҚС-сыз бір тонна үшін парниктік газдарға арналған квотаның бағасы;

4.7. Қатысушылар сауда сессиясы ішінде сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер береді, бұл ретте өтінімдерде көрсетілген бағалар тиісті шекті аукциондық бағалардың шамасынан аспауға тиіс.

4.8. Сауда-саттық жүйесіне берілген басқа қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдеріндегі бағалармен сәйкес келетін бағалармен сауда сессиясы ішінде қатысушылар берген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер қабылданбайды.

4.9 Сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген қатысушының өтінімі жойылуға жатпайды.

4.10. Қатысушылар өз қалауы бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғанға дейін Жаңа өтінім беру арқылы бұрын берілген өтінімді өзгертеді. Бұл ретте, қатысушылар жаңа өтінімдегі бағаны алдыңғыға қарағанда төмен көрсетеді, ал бұрын берілген өтінімнің көлемі өзгертуге жатпайды.

Бағаны өзгерту қадамы 1 (бір) тонна үшін 5 (бес) тиыннан кем емес.

4.11 Сауда жүйесінде аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер беру күні мен уақытын белгілеуді ұйымдастырушы миллисекундқа дейінгі дәлдікпен жүзеге асырады.

____Тарау. Аукционға қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлері және оларды енгізу мен қайтару шарттары

5.1. Қатысушылар қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарында туындайтын міндеттемелерді орындауға кепілдік беру мақсатында аталған тұлғалар осы Регламентте айқындалған тәртіппен және шарттарда қаржылық қамтамасыз етуді енгізеді.

Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету туралы ақпарат құпия болып табылады және жария етуге жатпайды.

5.2. Қаржылық қамтамасыз ету үшінші тұлғалардың талап ету құқықтарынан, сондай-ақ аукциондық сауда-саттыққа қатысушының және (немесе) жеңімпаздың басқа да міндеттемелерінен еркін болуға тиіс.

5.3. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив бойынша төленген талаптың нәтижесінде алынған ақша есеп айырысу-қаржы орталығының резервтік қорының арнайы шотына есепке алынады және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығы құжаттаманы дайындауға жібереді.

5.4. Қаржылық қамтамасыз етуді енгізу және қайтару шарттары осы Тарауға сәйкес айқындалады.

5.5. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді өтініш берушілер қаржы-есеп айырысу орталығына береді және ол осы регламентте көзделген талаптарда және мерзімдерде аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып айқындалған жағдайда, қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартын жасайтындығының және сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізетіндігінің кепілі болып табылады.

5.6. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына береді.

5.7. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету есеп айырысу-қаржы орталығының пайдасына шығарылады және оған аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

5.8. Қаржы-есеп айырысу орталығы ұйымдастырушыға аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 2 (екі) сағат бұрын сомаларын көрсете отырып, қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілердің тізімін жібереді.

5.9. Өтінім беруші SWIFT жүйесі бойынша шығарылатын аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) банк кепілдігі;

2) резервтік аккредитив.

5.10 Өтініш беруші банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түрінде енгізген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржы-есеп айырысу орталығының банкке (банктерге) тиісті хат жіберуі арқылы қайтарылады (босатылады):

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындыларына сәйкес аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болған жоқ;

2) аукциондық сауда-саттық жеңімпазы сатып алу шартын жасасты және сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізді.

5.11. Егер аукциондық сауда-саттық жеңімпазы сатып алу шартын жасасудан жалтарған және (немесе) сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, қаржы-есеп

айырысу орталығы тиісті банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив бойынша ақы төлеуге талап қояды.

5.12 Қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап кемінде күнтізбелік 150 (жүз елу) күннің қолданылу мерзіміне ресімделеді және қайтарып алынбайтын болып табылады.

5.13 Банк қаржы-есеп айырысу орталығы мынадай құжаттарды ұсынған кезде қаржылық қамтамасыз етуді орындайды (ұстайды):

1) есеп айырысу – қаржы орталығының уәкілетті адамы қол қойған және есеп айырысу-қаржы орталығының мөр бедерімен куәландырылған, борышкер тұлғаның міндеттемелерді орындамағаны туралы қағаз жеткізгіште ресімделген өтініш;

2) осы Қағидаларға сәйкес өндіріп алу сомасын көрсете отырып, ақы төлеуге қойылатын талап.

5.14. Барлық банктік комиссиялар мен қаржылық қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды, оның ішінде алушы (бенефициар) банкті де борышкер тұлға төлейді.

5.15. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ретінде банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor’s бойынша "B" әлде Fitch бойынша "B-" әлде Moody’sInvestorsService" бойынша B3 немесе бас ұйымның рейтингі (Қазақстан Республикасының резидент банкі акцияларының 50%-дан астамына ие) Standard&Poor’s бойынша "BBB" төмен емес әлде Fitch бойынша "BBB" немесе Moody’sInvestorsService бойынша "Baa2"Қазақстан Республикасының резидент банктерінен ұсынылады .

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің банктік кепілдігін немесе резервтік аккредитивін резидент банктер резидент еместердің қарсы міндеттемелеріне кепілдік беру арқылы растауға тиіс.

Standard&Poor's бойынша "BBB", Moody'sInvestorsService бойынша Fitch "Baa2" бойынша "BBB" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктері банктік кепілдікті немесе резервтік аккредитивті тиісті қарсы міндеттемелерді шығармай шығара алады. Standard&Poor ' s бойынша "BBB", Moody ' sInvestorsService бойынша Fitch "Baa2" бойынша "BBB" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктері тиісті қарсы міндеттемелерді шығармай банктік кепілдікті немесе резервтік аккредитивті шығара алады.

___ Тарау. Қорытынды жасау және жеңімпаздарды анықтау тәртібі

6.1. Сауда сессиясы барысында құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға мынадай ақпарат ашылады:

1) уәкілетті орган бекіткен кестеде көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының барлық параметрлері (бағасы, өтінім беру уақыты)бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімі;

3) сатуға аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдерде көрсетілген ең төмен баға (көлемдерін көрсетпей).

6.2. Сауда сессиясы барысында құжаттамалары бар аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға мынадай ақпарат ашылды:

1) уәкілетті орган бекіткен кестеде көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының барлық параметрлері (бағасы, өтінім беру уақыты)бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімі;

3) баға көрсетілген сауда-саттыққа қатысушылар берген өтінімдер.

6.3. Ұйымдастырушы баға есебін мынадай шарттар орындалған кезде жүргізеді:

1) сауда жүйесінде тіркелген және тиісті аукциондық сауда-саттыққа жіберілген қатысушылардың саны екіден кем емес;

Жоғарыда көрсетілген шарт орындалмаған жағдайда Ұйымдастырушы баға есебін жүргізбейді, сауда сессиясының жабылу уақыты өткенге дейін сауда-саттықты жабады және сауда-саттықты өтпеді деп жариялайды.

6.4. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерден ұйымдастырушы онда көрсетілген бағалардың өсу тәртібімен қалыптастырылған сараланған тізімді жасайды.

6.5 Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықта жеңімпаздардың алдын ала тізімін айқындау сауда сессиясына аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін, сұранысты толық қанағаттандырғанға дейін мәлімделген бағалардың өсу тәртібімен сараланған тізімнен оларды дәйекті іріктеу жолымен жүзеге асырылады.

6.6 Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықта жеңімпазды айқындау ең төмен бағамен бір өтінімді таңдау арқылы сауда сессиясына аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

6.7. Өткізілген аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде қатысушыларға электрондық түрде өткен аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары туралы хабарлама жібереді. Жазбаша хабарламалар қатысушыларға келесі жұмыс күні Нұр-сұлтан қаласы уақытымен сағат 18-00-ден кешіктірілмей жіберіледі.

6.8. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының реестрі сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде ұйымдастырушының веб-сайтында әрбір өтінімде мынадай ақпаратты көрсете отырып жарияланады:

(а) сауда-саттыққа қатысушының жеке басы және ол өз атынан немесе клиенттің атынан сауда-саттыққа қатыса ма;

(b) егер сауда-саттыққа қатысушы клиенттің атынан сауда-саттық жүргізсе, клиенттің сәйкестендіру деректері;

(c) өтінімнің көлемі 500 квотаның еселік сомасы бойынша квоталар саны ретінде;

(d) үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен әрбір квотаның теңгедегі бағасы.

6.9. Қаржы-есеп айырысу орталығының құжаттаманы аукциондық сауда-саттық жеңімпазының меншігіне беруі тиісті сатып алу-сату шартын жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Ілеспе салықтарды қоса алғанда, құжаттаманы әзірлеуге арналған шығындарды аукциондық сауда-саттық жеңімпазы құжаттамамен бірге қаржы-есеп айырысу орталығына аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тиісті тізілімі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өтейді (төлейді).

6.10. Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібін ашып, сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер мен аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі туралы толық ақпаратты көрсете отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындыларын қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді.

____ Тарау. Қорытынды ережелер

7.1. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мынадай мән-жайлар туындаған жағдайда 30 минутқа дейінгі кезеңге тоқтатыла тұруы мүмкін:

1) серверлік жабдықтағы техникалық ақаулар немесе сауда жүйесінің жұмыс істемеуіне әкеп соққан электрондық жүйедегі іркілістер;

2) сауда жүйесіне қол жеткізудің мүмкін болмауына әкеп соққан интернет желісі жабдығының немесе байланыс арналарының техникалық ақаулары.

7.2. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұрған кезде Ұйымдастырушы қатысушыларды қолжетімді техникалық байланыс құралдары арқылы аукциондық сауда-саттықты өткізу процесінің қалпына келтірілетін уақытын көрсете отырып, сауда-саттықты тоқтата тұру себебі туралы жедел хабардар етеді.

7.3. Мынадай мән-жайлар туындаған жағдайда аукциондық сауда-саттықты өткізудің күші жойылуы мүмкін:

1) техникалық ақауларды жою үшін 30 минуттан астам уақыт қажет;

2) сауда залын және (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдығын электрмен жабдықтауда ұзақ (екі сағаттан астам) үзіліс.

7.4. Себептер бойынша аукциондық сауда-саттықтың күші жойылған жағдайда қайталама аукциондық сауда-саттық аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні өткізіледі.

7.5. Егер аукциондық сауда-саттық себептер бойынша өтпеді деп жарияланған жағдайда, Ұйымдастырушы оларды келесі тоқсанның соңғы айының екінші онкүндігінде бір реттен асырмай қайта өткізеді.

7.6. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қосымша

Нысан

Аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесі

Сауда-саттық күні (айы)	Сауда-саттықты өткізу уақыты (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың тізіліміне енгізу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Парниктік газдарға квоталар көлемі, тонна CO2	Шекті аукциондық бағаның шамасы, тг / тонна CO2	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның белгіленген қуатының 1 тоннасына CO2 есебімен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	Жобаның белгіленген қуаты 1 тонна CO2 есебінен сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету	Құжаттаманың болуы (бар/жоқ)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар
САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕСІ

№ п/п	Құрылымдық элемент	Ағымдағы редакция	Жобаның ұсынылған басылымы	Негіздемесі
1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI кодексі «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі»				
1.	**286- баптың 4-тармағы**	4. Көміртегі бюджеті парниктік газдардың квоталанатын және квоталанбайтын шығарындыларының көлемін айқындайды.	4. Көміртегі бюджеті парниктік газдардың квоталанатын шығарындыларының көлемін айқындайды.	ҚР жалпы ұлттық шығарындыларының бір бөлігі квоталауға жатады, яғни сақтандыру шығарындыларының бір бөлігі парниктік газдар шығарындыларының субъектілеріне көміртегі квоталарын бөлу арқылы реттеледі. Көміртегі бюджеті шеңберінде парниктік газдар шығарындыларының жол берілетін сандық көлемін (бұдан әрі – ПГ) белгілеу көзделуіне байланысты шығарындылардың квоталанбайтын бөлігі үшін ПГ шығарындыларының көлемін оның шеңберінде бекіту орынсыз.
2.	**288-баптың 2-тармағы**	2. Көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы: 1) Мемлекеттік көміртегі кадастрын қалыптастыру және жүргізу; 2) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеуді жүзеге асыру; 3) көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру	2. Көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы: 1) Мемлекеттік көміртегі кадастрын қалыптастыру және жүргізу; 2) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеуді жүзеге асыру; 3) көміртегі бірліктерінің	Халықаралық Климаттық саясаттың қарқынды өзгеруі халықаралық сауда мен инвестициялардың жағдайларын өзгертеді, бұл Қазақстан экономикасының дамуы үшін елеулі тәуекелдер тудырады. Ұлттық экономикалық мүдделер мен стратегиялық даму мақсаттарына нұқсан келтірмей, Мемлекеттік Климаттық саясатты жетілдіру үшін Қазақстанда парниктік газдар шығарындыларын модельдеу, талдау және болжау жөніндегі ғылыми-консалтингтік

		және жүргізу; 4) Қазақстан Республикасында көміртегі бірліктерінің сауда жүйесін іске асыруды сүйемелдеу; 5) көміртегі бірліктерін сату және сатып алу. **6) жоқ**	мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу; 4) Қазақстан Республикасында көміртегі бірліктерінің сауда жүйесін іске асыруды сүйемелдеу; 5) көміртегі бірліктерін сату және сатып алу; **6) Ұлттық экономикалық мүдделер мен стратегиялық даму мақсаттарына нұқсан келтірмей көміртегі бірліктерімен сауда жүйесін және тұтастай алғанда мемлекеттік Климаттық саясатты іске асыруды жетілдіру және қолдау үшін парниктік газдардың ұлттық шығарындыларын модельдеу, талдау және болжау жөніндегі іс-шаралар қабылданатын болады.**	қызметті мемлекеттік бюджеттен тұрақты негізде қаржыландыру қажет. Қазақстанда экономиканы декарбонизациялаумен байланысты модельдеу дағдылары бар модельшілердің саны өте шектеулі. ҚР Үкіметі стратегиялық маңызды шешімдер қабылдаудағы осындай ғылыми консалтинг нәтижелеріне сүйенуі үшін осы әлеуетті арттыру және модельерлерді осындай зерттеулерге тұрақты түрде тарту үшін жағдай жасау қажет. **Осы тізбеге жаңа 6) - тармақшаны енгізу қажеттілігі Париж келісімі шеңберінде Қазақстанда жаңа міндеттердің пайда болуымен байланысты – Ұлттық міндеттемелер мен есептілікті тұрақты жаңарту, оны модельдеусіз орындау мүмкін емес.** Қазақстанда «Жасыл даму» АҚ-нан басқа, ведомстволық бағынышты ғылыми-консалтингтік ұйымдардың және ішкі нарықтың коммерциялық субъектілерінің ешқайсысында **ҚР Үкіметіне осы салада жоғары білікті қызметтер көрсету үшін қажетті құралдар** жиынтығы (модельдері) және жеткілікті құзыреттері жоқ. Егер қызметтерді тұрақты бюджеттік қаржыландыру мәселесі шешілсе, ЭГТРМ-нің ведомстволық бағынышты құрылымы «Жасыл даму» АҚ қызметтің осы бағытын жүргізуге дайын. «Жасыл даму» АҚ өз құзыретін нығайтты (донорлық жобалар шеңберінде GIZ өзінде бар күрделі модельдерді құруды және пайдалануды

				үйренді), салынған модельдерді пайдалануға және дамытуға мүмкіндік беретін лицензиялық бағдарламалық өнімдері бар. Бұл іс-шараны қаржыландырмау Қазақстанның бұрын мәлімделген міндеттемелерді орындамау қаупіне әкеп соғады, бұл Париж келісімінен елдің халықаралық инвестицияларға қолжетімділігінен, экономиканы декарбонизациялау мақсаттары үшін дамыған елдердің донорлық көмегінен және тікелей шетелдік инвестициялардың алыстауына алып келуі мүмкін.
3.	**289-баптың 7-тармағы**	7. Квоталау субъектісі квоталау кезеңі шегінде өзінде бар көміртегі квотасы бірліктерін өз қондырғылары арасында дербес бөлуге құқылы.	7. Квоталау субъектісі осы Кодекстің 295-бабының 8-тармағына сәйкес көміртегі квотасының бірліктерін көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының резервіне **қайтаруды жүргізгеннен кейін квоталау кезеңі шегінде өзінде бар көміртегі квотасының бірліктерін өз қондырғылары арасында дербес бөлуге құқылы**	Квоталанатын қондырғы өнімін өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты көміртегі квоталарын алу жөніндегі операцияларды жүргізу қажеттілігін ескере отырып, көміртегі квотасы бірліктерін қайта бөлу жөніндегі трансакцияларды алу рәсімін жүргізгеннен кейін жүзеге асыруға болатындығын көрсету қажет.
4.	**289-баптың 8-тармағы**	8. Квоталау субъектісі көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының қолданылу кезеңі шегінде есепті кезеңдер арасында көміртегі квотасының өтелмеген бірліктерін көшіруді жүзеге асыруға құқылы.	8. **Квоталау субъектісі парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларына сәйкес** көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының қолданылу кезеңі шегінде есепті кезеңдер арасында көміртегі квотасының өтелмеген бірліктерін көшіруді жүзеге асыруға құқылы.	Нақтылаушы түзету-квота субъектісі көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторына көміртегі бірліктерін беру туралы өтініш жазуы керек *Мемлекеттік реттеу қағидаларына тиісті тармақ енгізілсін*

5.	**290-баптың 6-тармағы**	6. Көміртегі квотасы бірліктері резервінің көлемі мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның ақпаратына сәйкес тиісті кезеңге арналған жалпы ішкі ұлттық өнімнің болжамды жыл сайынғы өсу қарқынының орташа көрсеткіші негізінде есептеледі.	**Алынып тасталсын**	Резервтің нақты механизмін әзірлеу жөніндегі тармақты алып тастау немесе енгізу
6.	**290-баптың жаңа 12-тармағы**	Жоқ	12. **Егер квоталанатын қондырғыны пайдалану процесінде жылына көміртегі диоксидінің жиырма мың тоннадан кем шығарындылары жүзеге асырылған жағдайда, квоталау субъектісі көміртегі квоталаудан жасалған тиісті қондырғыны қоспағанда, өтініш жасауға құқылы.** Көміртекті квоталауды алып тастау мақсатында квоталау субъектісі парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептің электрондық формасын толтырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жүгінеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторын хабардар етеді.	CO2 20 мың тоннадан аспайтын жағдайда қондырғыны ҰЖР-дан алып тастау тәртібі туралы жаңа тармақ.

			Көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептің толтырылған формасын осы Кодекстің 294-бабының 6-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды. Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті тіркеген жағдайда көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде квоталау субъектісіне және көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторына көміртегі квоталаудан алып тастауға жататын квоталау субъектісін, қондырғыны және квоталардың пайдаланылмаған көлемін көрсете отырып, тиісті хабарламалар жібереді. Көрсетілген қондырғы квоталарының пайдаланылмаған көлемі көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының резервіне қайтаруға жатады.	
7.	**291-баптың 4-тармағы**	Көміртегі квотасы бірлігін кредиттеу үшін квота субъектісі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган	**Алынып тасталсын**	Реестрде шот автоматты түрде ашылады. *Мемлекеттік тізілімді жүргізу жөніндегі*

		бекітетін көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес көміртегі бірліктерінің мемлекеттік Реестрінде шот ашады.		*Ережеге тиісті түзетулер енгізілді*
8.	**291-баптың 8-тармағы**	8. Көміртекті кредиттік бірліктердің қолданылу мерзімі олардың негізінде бөлінген көміртегі квотасының тиісті Ұлттық жоспарының соңғы есепті жылының есепті мерзімі аяқталғаннан кейін **тоқсан** жұмыс күнімен шектеледі.	8. Көміртекті несие бірліктерінің жарамдылық мерзімі олардың негізінде бөлінген көміртегі квотасының тиісті Ұлттық жоспарының соңғы есепті жылы үшін есептілік мерзімі аяқталғаннан кейін **жүз елу** жұмыс күнімен шектеледі.	Квота субъектілеріне парниктік газдар шығарындыларының көлемі бойынша өз міндеттемелерін өтеу және қажетті көміртегі бірліктерін сатып алу мүмкіндігін беру үшін көміртегі квоталарының қолданылу мерзімін ұзартқан жөн.
9.	**292-баптың 3-тармағы**	3. Көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторы парниктік газдарды түгендеу туралы верификацияланған есепті тіркегеннен кейін **бес** жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотынан квоталарды өтеу шотына көміртегі квотасының өтелген бірліктерін аударады.	3. Көміртегі бірліктерін сату жүйесінің операторы парниктік газдарды түгендеу туралы верификацияланған есепті тіркегеннен кейін **он бес** жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотынан квоталарды өтеу шотына көміртегі квотасының өтелген бірліктерін аударады.	2022 жылғы құқық қолдану практикасы өтеуге дейін алу рәсімдерін жүргізу қажеттілігін ескере отырып, көміртегі квоталарын өтеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін мерзімді ұлғайту қажеттілігін анықтады.
10.	**293-баптың 2-тармағы**	2. Квоталау субъектісі көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары қолданылатын бірінші жылдың бірінші сәуіріне дейін мониторингтің валидацияланған жоспарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады.	2. Квоталау субъектісі көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары қолданылатын бірінші жылдың бірінші сәуіріне дейін **мемлекеттік көміртегі кадастрында мониторинг жоспарының электрондық формасын толтырады.**	Мониторинг жоспарының электрондық формасына көшу
11.	**294-баптың 3-**	3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі	3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін	Өз әдістемесін әзірлеу мүмкіндігі мақсатында

	тармағы	әдістемелерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.	есептеу жөніндегі әдістемелерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. **Бекітілген әдістеме болмаған жағдайда, квоталау субъектісі әдістемені дербес әзірлеуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға келісуге жіберуге құқылы.**	
12.	**294-баптың 6-тармағы**	6. Көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы верификацияланған есепті оған жіберген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде оны бекітілген нысанға сәйкестігі, верификацияның болуы, парниктік газдар шығарындылары есептерінің дұрыстығы және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттерді қолдану тұрғысынан және қарау нәтижелері бойынша қарайды: 1) парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті ол осы тармақтың бірінші абзацының талаптарына сәйкес келген жағдайда тіркейді;	6. Көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы верификацияланған есепті оған жіберген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде оны бекітілген нысанға сәйкестігі, верификацияның болуы, парниктік газдар шығарындылары есептерінің дұрыстығы және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттерді қолдану тұрғысынан және қарау нәтижелері бойынша қарайды: 1) парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті ол осы тармақтың бірінші абзацының талаптарына сәйкес келген жағдайда тіркейді; 2) парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп осы тармақтың бірінші	Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті пысықтауға жіберу кезінде мерзімдерді көрсету мақсатында

		2) парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп осы тармақтың бірінші абзацының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оны квоталау субъектісіне пысықтауға жібереді, сондай-ақ валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдарға қатысты шаралар қабылдау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді.	абзацының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оны квоталау субъектісіне пысықтауға жібереді, сондай-ақ валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдарға қатысты шаралар қабылдау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді; 3) **квоталау субъектісі есепті пысықтауға жіберген күннен бастап он жұмыс күні ішінде** парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті пысықтайды; 4) көміртегі бірліктерімен **сауда жүйесінің операторы** парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы пысықталған есепті **ол ұсынылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды. Осы тармақтың бірінші абзацының талаптарына сәйкес сәйкессіздіктер анықталған жағдайда** парниктік газдар шығарындыларын түгендеу **туралы есеп пысықтауға жіберіледі**.	
13.	294-баптың жаңа 6-1-тармағы	Жоқ	**Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп осы баптың 2-тармағында не 6-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда,**	Парниктік газдарды түгендеу туралы есепті ұсынбаған кезде шотты бұғаттау шарты

			көміртегі бірліктерімен сауда жүйесінің операторы квоталау субъектісінің шотын бұғаттайды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды және квоталау субъектісін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы **есепті ұсынғанға дейін квоталау субъектісінің шотын бұғаттау туралы хабардар етеді.**	
14.	**295-баптың 4-тармағы**	4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган квоталау субъектісі қосымша көміртегі квотасын алу үшін ұсынған құжаттарды оларды алған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды	4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган **парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларына сәйкес** квоталау субъектісі ұсынған құжаттарды қарайды.	Өтінімдерді жинау және қосымша көлем беру тетігін бекіту мақсатында. *Мемлекеттік реттеу қағидаларына тиісті түзетулер енгізіледі*
15.	**295-баптың 6-тармағы**	6. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) олар осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оларды пысықтауға жібереді. Квоталау субъектісі пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оларды осы баптың 4-тармағында	6. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) олар осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оларды пысықтауға жібереді. Квоталау субъектісі пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оларды парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы	Түзетулерге сәйкес келтіру мақсатында осы баптың 4-тармағы

		көрсетілген мерзімдерде қарайды.	**мемлекеттік реттеу қағидаларында көрсетілген мерзімдерде қарайды**.	
16.	**298-баптың 1-тармағы**	1. Көміртегі офсеті деп парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және (немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған Қазақстан Республикасындағы экономиканың кез келген секторларында қызметті немесе қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізілген парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайту түсініледі.	Көміртегі офсеті деп парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және (немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған Қазақстан Республикасының экономика секторларындағы қызметті немесе қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізілген парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайту түсініледі. Қазақстан Республикасындағы көміртегі офсеттері экологиялық тұтастық негізінде жүзеге асырылады және парниктік газдар шығарындыларының нақты, өлшенетін, қосымша, тұрақты, тәуелсіз тексерілген және консервативті бағаланған қысқартуларын және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуін ұлғайтуды ұсынуға тиіс. Қарауға 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылатын жобалар бойынша көміртегі офсеттері қабылданады.	Экономика секторларын шектеу, толықтыру шарттарын енгізу және қондырғыларды 2017 жылға дейін шектеу мақсатында түзетулер

17.	**298- баптың Жаңа тармағы**	Жоқ	**9. Парниктік газдардың сіңірілуін арттыруға бағытталған көміртегі офсеттеріне мынадай қызмет түрлері жатады: орманды қалпына келтіру, ормандарды өсіру, өсімдік жамылғысын қалпына келтіру.**	Парниктік газдардың сіңірілуін арттыру бойынша офсет түрлерін нақтылау мақсатында түзету
18.	**299-баптың 3-Тармағы**	3. Көміртегі нарығының субъектілері: 1) квоталау субъектілері; 2) көміртегі офсеттерін өткізуге қатысатын жеке және заңды тұлғалар; 3) көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы. **4) жоқ**	3. Көміртегі нарығының субъектілері: 1) квоталау субъектілері; 2) көміртегі офсеттерін өткізуге қатысатын жеке және заңды тұлғалар; 3) көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы; 4) **Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биржалық саудаға қатысушылар.**	ҚР көміртегі нарығы субъектілерінің шеңберін оның өтімділігін арттыру үшін кеңейту ұсынылады.
19.	**302- баптың 3-тармағы**	3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін түгендеудің мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыруды және үйлестіруді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.	3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін түгендеудің мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыруды және үйлестіруді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. **Парниктік газдар**	Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірілуін мемлекеттік түгендеу жүйесінің жұмыс істеу тәртібін айқындау

			шығарындылары мен сіңірулерін түгендеудің мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өкілінің төрағалығымен және құрамына уәкілетті органның өкілдерінен тұратын Жұмыс тобы құрылады. қоршаған ортаны қорғау саласы, көміртегі бірліктерін саудалау жүйесінің операторы, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін түгендеудің мемлекеттік жүйесінің барлық функцияларын жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар.	
20.	**302- баптың 4-тармағы**	4. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын дайындауды көміртегі бірліктерін саудалау жүйесінің операторы жүзеге асырады..	**Мемлекеттік түгендеудің жыл сайынғы жұмыс істеуінің нәтижелері бойынша көміртегі бірліктерін саудалау жүйесінің операторы көздерден антропогендік шығарындыларды және Монреаль хаттамасымен реттелмейтін парниктік газдарды сіңіргіштердің сіңірулерін түгендеу туралы Ұлттық есепті және осы Қағидалардың кестелерін дайындайды. жалпы есеп беру пішімі.**	Ұлттық есептің жай-күйін мемлекеттік түгендеу нәтижесін және ЖЕФ кестелерін анықта
21.	**304 - баптың 1-тармағы**	1. Валидация-халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында	1Валидация-халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында	Редакциялық түзету

		белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалаудың және мониторинг жоспарын, сондай-ақ **парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе сіңірулерін ұлғайту жөніндегі жобаларды** әзірлеу шеңберіндегі құжаттаманы растаудың жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесі.	белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалаудың және мониторинг жоспарын, сондай-ақ **көміртегі офсеттерін** әзірлеу шеңберіндегі құжаттаманы растаудың жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесі.	
22.	**304- баптың 2-тармағы**	2. Верификация-халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалаудың және парниктік газдарды түгендеу туралы есепте және **парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе сіңірулерін ұлғайту жөніндегі жобаларды** іске асыру туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаудың жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесі.	2. Верификация-халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалаудың және парниктік газдар **шығарындыларын** түгендеу туралы есепте және **көміртегі офсеттерін** өткізу туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаудың жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесі.	Редакциялық түзету
23.	**304-баптың 7-тармағы**	7. Парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе **сіңірулерін ұлғайту жөніндегі бір ғана жобаның** валидациясын және верификациясын валидация және верификация жөніндегі бір ғана орган жүргізе алмайды.	7. Сол бір **көміртегі офсетінің** валидациясын және верификациясын валидация және верификация жөніндегі сол бір орган жүргізе алмайды.	Редакциялық түзету

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарының

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕСІ

№ р/с	Құрылымдық элемент	Ағымдағы редакция	Жобаның ұсынылып отырған редакциясы	Негіздеме
1	2	3	4	5
«Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығы				
1.	**Ережені 61-тармағы**	61. Квоталау субъектісі мониторинг жоспарына мынадай жағдайларда өзгерістер енгізеді: 1) кез келген қызметтен (өндіріс көзі) шығарындыларды есептеу әдісін (теңдеуін) немесе параметрлерін өзгерту; 2) мониторингі валидацияланған мониторинг жоспарынан ерекшеленетін жаңа қызметті (көздерді) қосу; 3) мониторингі (деректер мен коэффициенттер) мониторингтің валидацияланған жоспарында көрсетілмеген отынды қосу; 4) бұрын қолданылған мониторинг әдіснамасы нәтижесінде алынған деректерді уәкілетті орган дұрыс емес деп таныған жағдайларда жүзеге	61. Квоталау субъектісі мониторинг жоспарына мынадай жағдайларда өзгерістер енгізеді: 1)кез келген қызметтен (көзден) шығарындыларды есептеу әдісін (теңдеуін) немесе параметрлерін өзгерту; 2) мониторингі валидацияланған мониторинг жоспарынан ерекшеленетін жаңа қызметті (көздерді) қосу; 3) мониторингі (деректер мен коэффициенттер) мониторингтің валидацияланған жоспарында көрсетілмеген отынды қосу. **Отынның жалпы балансынан 1% - дан кем алатын отынның жаңа түрін қосқан жағдайда, мониторинг жоспарына өзгерістер енгізілмейді;**	Парниктік газдар шығарындыларының көлеміне әсер ету бөлігінде көзделген өзгерістердің болмашы болуын ескере отырып, бұрын үйілген мониторинг жоспарына өзгерістер енгізу орынсыз.

		асырылады; 5) Егер осы рәсімдердің өзгеруі шығарындылар туралы деректердің дәлдігіне тікелей әсер ететін болса, сынамаларды іріктеумен және талдаумен немесе өлшеу аспаптарын калибрлеумен байланысты жаңа рәсімдерді енгізу; 6) алдыңғы мониторинг жоспарын валидациялаған органнан лицензияны кері қайтарып алу; 7) квоталау субъектісінің есептік деректерінің дәлдігін жақсарту немесе валидация жөніндегі органның қорытындысына жауап ретінде.	4) бұрын қолданылған мониторинг әдіснамасы нәтижесінде алынған деректерді уәкілетті орган дұрыс емес деп таныған жағдайларда жүзеге асырылады; 5) Егер осы рәсімдердің өзгеруі шығарындылар туралы деректердің дәлдігіне тікелей әсер ететін болса, сынамаларды іріктеумен және талдаумен немесе өлшеу аспаптарын калибрлеумен байланысты жаңа рәсімдерді енгізу; 6) алдыңғы мониторинг жоспарын валидациялаған органнан лицензияны кері қайтарып алу; 7) квоталау субъектісінің есептік деректерінің дәлдігін жақсарту немесе валидация жөніндегі органның қорытындысына жауап ретінде.	
2.	**Ережені ң 70-тармағы**	70. Жүйе операторы өзіне верификацияланған есепті жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде оны бекітілген нысанға сәйкестігі, верификацияның болуы, парниктік газдар шығарындылары есептерінің дұрыстығы және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттерді қолдану тұрғысынан және қарау нәтижелері бойынша қарайды: 1) Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес верификацияланған есепті	70. Жүйе операторы өзіне верификацияланған есепті жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде оны бекітілген нысанға сәйкестігі, верификацияның болуы, парниктік газдар шығарындылары есептерінің дұрыстығы және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттерді қолдану тұрғысынан және қарау нәтижелері бойынша қарайды: 1) Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес верификацияланған есепті	Осы толықтырулар квоталау субъектісінің парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті (бұдан әрі – ПГ) пысықтау мәселесіне қатысты олқылықты жою үшін қажет.

